

**Мұнай операцияларын міндетті сақтандыруды ұйымдастырудың тәртібі мен оны жүргізудің шарттары туралы Ережені бекіту туралы<\*> ЕСКЕРТУ. Бұл қаулының күші Үкіметтің ерекше өкімі шыққанға дейін тоқтатыла тұрсын - ҚРҰ-нің 1996.10.01. N 1198 ~P961198 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 18 шілде N 916

"Мұнай туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығын жүзеге асыру шаралары туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 28 маусымдағы N 2351 K952351\_ қаулысын (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 11, 77-бап) орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Мұнай операцияларын міндетті сақтандыруды ұйымдастырудың

тәртібі мен оны жүргізудің шаралары туралы ереже бекітілсін (қоса беріліп отыр).

2. Қазақстан Республикасының Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігі, Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі, Мемлекеттік сақтандыруды қадағалауларымен шұғылданатын барлық жеке және заңды тұлғалардың жыл сайын міндетті сақтандыру жүргізуін қамтамасыз ететін болсын.

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
орынбасары

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1996 жылғы 18 шілдедегі  
N 916 қаулысымен  
бекітілген

Мұнай операцияларын міндетті сақтандыруды ұйымдастырудың  
тәртібі мен оны жүргізудің шарттары туралы  
ЕРЕЖЕ

1. Осы Ереже отандық және шетелдік жеке және заңды тұлғалармен, сондай-ақ азаматтығы жоқ адамдардан мұнай операцияларын міндетті сақтандыруды ұйымдастырудың тәртібі мен оны жүргізудің шарттарын айқындайды.

"Мұнай операциялары" ұғымына барлауға, өндіруге, сондай-ақ соларға байланысты бірыңғай технологиялық тізбекке, мұнайды сақтауға және оны тұрба құбыры көлігімен айдауға қатысты барлық жұмыс кіреді.

2. Мұнай операцияларын сақтандырудың мақсаты мұнай мен газды барлаумен, өндірумен, сақтаумен, өңдеумен және тұрба құбырымен тасымалдаумен айналысатын кәсіпорындардың осы Ережеде көзделген сақтандыру жағдайларынан болған залалын толық немесе ішінара өтеу түріндегі мүліктің мүдделері мен жауапкершілігін сақтандырып қорғау болып табылады.

3. Мұнай операцияларын міндетті сақтандыруды сақтандырудың осы түрін жүргізуге заңда белгіленген тәртіппен лицензия алған сақтандыру ұйымдары (бұдан әрі мәтінде "Сақтандырушы") жүргізеді.

Мұнай операцияларын міндетті сақтандыруды жүргізу құқығына лицензияны Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сақтандыруды қадағалауы береді.

Сақтандырушы лицензия алу кезінде заңда көзделген құжаттардан басқа мынадай мәліметтерді ұсынуы тиіс:

үшінші бір тұлғалардың алдындағы және қоршаған табиғи ортаны ластағаны үшін азаматтық құқықтық жауапкершілік бойынша экономикалық жағынан негізделген және халықаралық практикада қабылданған сомалар шегіне сай келетін сақтандыру жауапкершілігі;

халықаралық практикада жалпы қабылданғанға сәйкес келетін эзирленген тарифтік ставкалар;

алғашқы үш жылға арналған мұнай операцияларына міндетті сақтандыру жүргізудің бизнес-жоспары.

Мұнай операцияларын міндетті сақтандыру туралы қолданылып жүрген заңдарға және осы Ережеге сәйкес сақтандырушымен сақтанушының арасында жасалған сақтандыру шартының негізінде жүзеге асырылады.

4. Міндетті сақтандыруға жалпы алынған, лизинг бойынша пайдаланылған, басқа мердігерлерді тартуды қоса алғанда, тек мұнай операциясын жүргізуге байланысты кәсіпорын иелігіндегі мынадай мүліктер жатады:

үйлер, ғимараттар, беріліс қондырғылары;  
тұрба құбырлар;

бұрғылау тұғырларының корпустары мен тетіктері, бұрғылау және өндіру процесінде пайдаланылатын баржалар мен жүзгілер, олардың бортындағы тұрба құбыры, сондай-ақ арнаулы қондырғылар мен өзге де керек-жарақтар; геологиялық барлау және іздестіру жұмыстары кезінде қолданылатын

мамандандырылған құрылғылар мен жабдықтар;  
мұнай және газ скважиналарын пайдалану мен оларға қызмет көрсету жөніндегі босалқы бөлшектер, агрегаттар және басқа да материалдар;  
бұрғылау ерітінділері немесе резервуарлардағы қабатты флюидтар;  
арнайы қоймаларда сақталатын және мұнай-газ труба құбырларында тасымалданатын дайын өнім;  
аяқталмаған өндіріс пен күрделі құрылыс объектілері;  
басқа да мүлік.

Міндетті сақтандыруға, сондай-ақ мыналар жатады:

сақтандырушы сақтандырылған скважиналарды бақылауды қалпына келтіруге немесе бақылауды қалпына келтіруге әрекет жасаған, сақтандырылған скважиналарды қалпына келтіруге немесе олардың кез келген учаскесіндегі қайталап бұрғылауға, қираған (бүлінген) мүлікті жарақтардан арылтуға, бұзуға, тастауға, нығайтуға байланысты шеккен күтпеген шығыстар;  
жер-суды және биологиялық ресурстарды қалпына келтіруді қоса

алғанда, қоршаған ортаға келген залалдың зардаптарын жоюға байланысты шығыстар;

үшінші бір тұлғалар - азаматтар мен заңды тұлғалардың алдындағы жалпы азаматтық-құқықтық жауапкершілік.

#### 5. Сақтандыруға мыналар жатпайды:

топырақты қоса алғанда, жер, топырақтың бетін қорғау объектілері, қорғаныс жабындылары мен суақылар;

жолдар, тротуарлар, кірмелер, ұшу-қону алаңдары, темір жол алаңдары, каналдар, бөгеттер, кідірмелер, айлақтар, көпірлер, доктар мен туннелдер;

жердегі, әуедегі, теңіздегі көлік құралдары;

тасымалдау кезіндегі тауарлар немесе мүлік;

өңдеу, өндіру немесе әзірлеу жұмыстары кезіндегі катализаторлар мен жұмсалатын материалдар;

кесіп құлатылмаған ағаш, көпжылғы көшеттер мен тамырлы өнім;

мал, құс, балық және басқа тірі жәндіктер;

қолдағы ақшалар, аса құнды металл құймалары, монеталар, чектер, маркалар, асыл тастар, өнер шығармалары, көне құнды заттар, бағалы қағаздар, облигациялар, кез келген түрдегі құжаттама, деректердің компьютерлік банктері, қолжазбалар, жоспарлар, сызбалар, жобалар, шаблондар мен модельдер.

#### 6. Мұнай операцияларын міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру

жауапкершілігінің ауқымына сақтандыру оқиғасы салдарынан болған шығынды өтеу жөніндегі сақтандырушының міндеті кіреді, оған мыналар жатады:

су тасқыны, боран, дауыл, нөсер жауын, бұршақ жауын, найзағай түсу, жер сілкінісі, өрт, жарылыс, су шаю, мұнай мен газдың ауаға тарауы, көрші үй-жайдан су басу, жылыту жүйесінің, су құбыры мен канализация желілерінің бүлінуі, көлік құралдарының ақаулары, аварияға немесе күтпеген оқиғаға байланысты электр қуатын тоқтату, скважинаның бақылаудан шығып кетуі салдарынан жойылу немесе бүліну жағдайынан сақтандырылған мүлікті қалпына келтіру жөніндегі шығыстар;

күтпеген жерден мұнай мен газдың ауаға тарауынан, кратерлердің, грифондар немесе қазан шұңқырлардың кездейсоқ пайда болуынан, өрт немесе жарылыс салдарынан бүлінген жер астында пайдаланылған бұрғылау мен басқа жабдықтарды қалпына келтіру жөніндегі шығыстар;

бақылаудан шығып кеткен сақтандырылған скважиналарды бақылауды қалпына келтіру немесе бақылауды қалпына келтіруге әрекет жасауға, сондай-ақ сақтандырылған скважиналардан жер бетіне немесе теңіз бетіне аққанда өрттен сақтауға немесе сақтауға әрекет жасауға, сақтандырылған скважиналардың бақылаудан шығып кетуі салдарынан басқа скважиналарда болған өртке немесе сақтандырылған скважиналардың өртенуіне немесе бақылаудан шығып кетуіне қауіп төндірген баса өртке байланысты сақтандырушы тартқан шығыстар;

егер скважинаның бүлінуі мен жойылып кетуі скважинаның бақылаудан шығып кетуі салдарынан орын алғандағы немесе бұрғылау, жөндеу жабдықтары мен бұрғылау платформалары бұзылғандағы, болмаса олардың жердің беткі қабатындағы немесе теңіз түбінде жердегі, судағы, әуедегі, көлік құралдарының, найзағай түсуінің нәтижесіндегі жарылыстан, дауылдан, қатты желден, су тасқынынан, бұрғылау мұнарасының дерриктердің, мачттардың құлауынан, жер сілкіну, вулкандардың әрекетінен, цунами, зәкір және зәкір шынжырларымен, бояулармен немесе балық ұстайтын аулармен соқтығысып қалғандағы қайталай бұрғылау мен сақтандырылған скважиналарды немесе кез келген учаскелерін қалпына келтіру жөніндегі шығыстар;

аварияның тікелей зардабын жою жөніндегі шарт бойынша белгіленген ластанған аумақ мөлшерін қайта қалпына келтіруге байланысты шығындар;

үшінші бір тұлғалардың өміріне, денсаулығы мен мүлкіне (сақтанушы-кәсіпорынның қызметкерлерінен басқа) сақтандыру шарты мен заңда көрсетілген шектегі белгіленген мөлшерде келтірілген зардапқа төлем жасауға байланысты шығындар;

тәуелсіз сараптама жүргізуге кеткен шығындар.

Үйлер, ғимараттар және басқа мүліктер өрт және кенеттен болған апатта оларды бөлшектеп немесе жаңа орынға көшіруге байланысты сақтандырылады.

7. Скважина: егер кенеттен әрі күтпеген жағдайда геологиялық себептер бойынша бұрғылау ерітіндісінің мұнайдың, газдың немесе судың тасқыны пайда болып, ол

скважинадан жер бетіне, теңіз түбіне немесе басқа да су қоймаларына қосылса әрі мұндай тасқын айтарлықтай жылдам болмаған болса; ауаға тарауды болдырмауға арналған кәсіпшілікте бар превенторлар мен өзге де жабдықтарды пайдалану арқылы тоқтатылған; бұрғылау ерітіндісінің параметрлерін өзгерту арқылы немесе тампондаушы құрал арқылы тоқтатылған;

кәсіпшілік үшін және де қоршаған тиісті пайдалы қазбаларды өндіру үшін қауіпсіз пайдаланылған жағдайда бақылаудан шыққан деп есептеледі.

8. Скважинаны бақылауға алу бұл жөнінде мемлекеттік тау-кен техникалық қадағалау органдарының немесе өзге де өкілетті органдардың тиісті хабарламасы берілген сәттен қалпына келтірілді деп есептелінеді.

9. Мұнай операцияларын сақтандыру шарты дегеніміз - екі жақты келісім, оның күшіне енуіне байланысты сақтандырушы сақтандыру оқиғасы басталған кезден оның салдарынан болған зардаптардың орнын толтыруға міндеттенеді, ал сақтанушы сақтандыру төлемдерін белгілеген көлемде әрі уақытында төлеуге міндеттенеді. Шартта сондай-ақ жоғарыда санамадан айтылған тәуекелдер бойынша сақтандырушының жауапкершілігін төмендетпейтін тараптардың басқа да міндеттері көзделуі мүмкін.

Сақтандыру шарты белгіленген нысанға сай сақтанушының жазбаша өтінішінің негізінде жасалады, онда мынадай реквизиттер ескеріледі:

сақтанушының атауы, мекен-жайы мен телефоны, лауазым иесінің аты-жөні; тозығы алынып тасталған негізгі қорлардың құны, бұған мүліктің құны (үйлер, ғимараттар, беріліс құрылғылары, мұнай-газ құбырлары, машиналар, жабдықтар мен басқа да бұрғылау жұмыстары мен жалға алынып, лизинг бойынша пайдаланылатын тараптардың мердігерлері тартылған басқа да меншік тұрғысында өндіріс мақсатында қолданылатын негізгі құралдар) баланс жасалған соңғы тоқсанның алғашқы айының бірінші күніндегі аяқталмаған күрделі құрылыстың құны қосылады;

баланс жасалған, соңғысы қосылып 4 тоқсан ішінде бухгалтерлік мәліметтер негізінде есептелген дайын өнімнің орташа жылдық қалдығының құны; пайдаланудағы скважиналардың саны; алып жатқан алаң;

қоршаған табиғи орта, халықтың саны мен тығыздығы, алаңды пайдалану сипаты (тұрғын үйге салынатын ауыл шаруашылығына, орманға қоғамдық көлікке берілетін орын және т.б.) топырақтың жер үсті, жер үсті және жер асты суларының сипаты, судың жергілікті табиғи қайнарлардан алынатындығы туралы мәліметтер; өндіріс үдерісінің, пайдаланылатын шикізат пен материалдардың түрлерінің, өндірілетін өнімдердің сипаты туралы мәліметтер.

Сақтандырушы өзі берген мәліметтердің сенімділігіне, уақтылылығына және толықтығына жауап береді.

Арыздың бірінші данасы сақтандыру төлемі есептеліп болған соң сақтандырушының қолындағы істе қалады, ал екіншісі сақтандыру төлемінің сомасы көрсетіліп әкелінгеннен кейін бес күннен кешіктірілмей сақтандырушыға қайтарылады.

10. Сақтандыру шарты бір жыл мерзімге жасалады, оның мерзімі мүліктің жыл сайынғы қайта есептелуі, жауапкершілік сомасы және жылдық төлемдерімен ұзартылуы мүмкін немесе шартқа сәйкес кен орнын игеру мерзіміне жасалады.

Мұнай операцияларын сақтандыру шарты сақтандырушының есеп шотына сақтандыру төлемі келіп түскен күннен күшіне енеді.

11. Мұнай операцияларын міндетті сақтандыру шарты әр жылдың 1 наурызына дейін немесе шартта айтылған аумақтағы мұнай операциялары бойынша жұмыстардың тікелей басталуына дейін жасауға тиіс.

Сақтандырушылардың мұнай операцияларын міндетті сақтандыруды уақтылы жүргізулеріне бақылауды Қазақстан Республикасының Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігі, Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі, Мемсаққадағалауы жүзеге асырады.

12. Сақтандыру төлемін есептеу халықаралық тарифтік ставкаларға сәйкес, әрі әрбір нақты сақтандыру шартының тәуекелдік дәрежесі бойынша және осы Ереженің 9-тармағына сәйкес сақтандырушының берген мәліметі негізінде тараптардың келісімдері бойынша жүргізіледі.

Ставкалар әрбір жеке кәсіпорындарда алынған алдын алу шараларды өткізу есебі бойынша сараланады.

Сақтандырушылар мұнай операцияларын міндетті сақтандыру бойынша түскен сақтандыру төлемдерінің кем дегенде 80 процентін сақтандыру резервтеріне, ал қайта сақтандырылған жағдайда өзінің меншік ұсталымының көлемінен алынған төлемдерден аударуға міндетті. Мұнай операциялары міндетті сақтандыру жөніндегі сақтандыру резервтері арнайы шотта қалыптасады және сақтандырудың тек осы түрі бойынша ғана сақтандыру өтемдерін төлеуге жұмсалады.

13. Сақтанушы өзіне бұл белгілі болған сәттен, сақтандырушыға сақтандыруға алынған тәуекел жөніндегі өзгерістер туралы дереу мыналарды хабарлауға міндетті: кәсіпшіліктегі жұмыстың тоқтағаны немесе олардың сипатындағы елеулі өзгерістер туралы;

бұрғылау немесе өзге де сақтандырылған жұмыстардың контрактісіне отыру және қосымша беру туралы;

бұрғылау жабдықтары немесе кәсіпшілікті үшінші бір тұлғаларға беру туралы, тіпті мұндай беру уақытша болса да;

бұрғылау немесе өзге де сақтандырылған жұмыстардың жүргізілу шарттары жөніндегі тараптардың міндеттемелерінің өзгеруі туралы немесе олардың мерзімдерінің елеулі өзгеруі туралы.

Сақтанушы сақтандыру шартына отырған соң сақтандырушының келісімінсіз тәуекелдік дәрежесін өсіруге әкеліп соқтыратын қандай да болмасын әрекет жасауға немесе оған жол беруіне құқығы жоқ.

Сақтандырушының келісімінсіз сақтанушы тәуекелдік дәрежесін өсірген жағдайда, сақтандырушы сақтандыру шартын тоқтатып, оның тәуекелдік дәрежесіне сәйкес қайтадан жасалуын талап етуге құқылы.

14. Сақтанушының мүлкі мына төмендегідей мөлшерде сақтандыруға жатады: шартқа отыру сәтіндегі нақты құны мөлшерінде - үйлер, ғимараттар, беріліс құрылғысы, мұнай-газ құбырлары, машиналар, жабдықтар мен басқа негізгі құралдар; өзі өндірген және кәсіпорын сатып алған тауарлы-материалдық құндылықтар, жартылай фабрикаттар, тозығын шығарып тастағандағы нақты құны мөлшерінде; аяқталмаған құрылыс саласындағы объектілер шартқа отыру сәтіндегі нақты өндірілген материалдар мен еңбек шығынының мөлшерінде; жалға берушіге жататын бухгалтерлік есепке алу деректері бойынша оның баланс құнының негізіндегі лизинг бойынша алынған басқа мүлік.

15. Құзыретті органдардың уақытша (тұрақты) пайдалану құқығына берілген шарты мен басқа құжаттар айқындаған, сақтандырушы іс-қимыл жасайтын аумағындағы мүлік сақтандырылған деп есептеледі.

16. Сақтандыру төлемдері бір рет толық мөлшерде төленеді немесе тараптардың келісімі бойынша уағдаласқан мерзімде екі кезеңде төленуі мүмкін.

Уақтылы төленбеген сақтандыру төлемдерінің сомаларын сақтандырушы Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес өндіріп алады.

Жинақтау және қайтару сипатындағы шарттар бойынша сақтандыру төлемдерінен басқа мұнай операцияларын міндетті сақтандыру жөніндегі сақтандыру төлемдері өндірілген өнімдердің шығынына жатқызылады.

17. Сақтандыру өтемін төлеу жөніндегі мәселені шешу үшін сақтанушы мынадай құжаттарды ұсынады:

сақтандыру жағдайы туралы өтініш;  
шарт пен сақтандыру полисі;

Мемкентехқадағалаудың аймақтық бөлімшелері мен басқа да құзыретті органдардың залалдық мөлшері туралы ресми қорытындысы;  
сот органдарының тиісті қаулылары, шешімдері, үкімдері.

18. Сақтандыру оқиғасы болған кезде сақтанушы: сақтандыру жағдайы жөнінде дереу сақтандырушыны хабардар етуге; сақтандырылған скважиналардың бақылаудан шығып кетпеуін болдырмау жөнінде және оларға бақылау жасауды қалпына келтіру үшін барлық мүмкіншілікті қолдануға; кәсіпшілік пен жұмыстың қауіпсіздігін өнеркәсіпте жұмысты қауіпсіз жүргізуді қадағалау және қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитеттің, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі жанындағы мемлекеттік өрттен қорғау қызметі бас

басқармасының ережелері мен нұсқауларына сәйкес заңдарда қамтамасыз етуге;  
сақтандырылған скважинаның ілкіміндегі стандартты үлгідегі атқылауға қарсы превенторларды орнату мен тиісті тексеруді жүзеге асыруға;  
осы жағдайға және осы жергілікті жерде мұндай жұмыстарды жүргізудің күнделікті тәжірибесіне сәйкес сақтандырылған жұмыстарды жүргізуді қамтамасыз етуге;  
сақтандырылған объектіні тиісті біліктілігі бар қызметкерлер құрамымен  
т о л ы қ т ы р у ғ а ;

қоршаған ортаны ластауды болдырмау жөнінде осыған арналған арнайы жабдықтарды пайдалана отырып, барлық шараларды қолдануға;  
сақтандырылған мүлікті сақтау жөнінде шығынды болдырмау және азайту жөнінде  
ш а р а л а р қ о л д а н у ғ а ;

сақтандырылған жағдайдан кейінгі бүлінгені бар және бүлінбегені бар қалған мүліктерді сақтандыратын өкіл келгенге дейін сақтауға;  
сақтандырушыға сақтандырылған бүлінген объектілерді қарап немесе зерттеп шығуға шығынның себебі мен мөлшеріне қатысты тексеру жүргізу, сақтандырылған мүлікті сақтап және шығынын азайту жөніндегі шараларға қатысуына мүмкіндік беруге ;

сақтандырушының талабы бойынша бүлінген немесе жойылған мүліктердің себебін анықтап және мөлшерін бағалау үшін қажетті барлық мәліметтерді жазбаша түрінде б е р у г е м і н д е т т і .

19. Сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандырушы сақтандыру жағдайы болғаны туралы сақтанушының өтінішін алғаннан кейін үш күннің ішіндегі мерзімнен қалмай белгіленген үлгідегі актіні жасап, Мемкентехқадағалау бөлімшелерімен бірлесіп шығынның есебін шығарады. Қажет болған жағдайда басқа білікті органдарды қатыстыра отырып, акт және шығын есебі сақтандырушыға барлық тиісті құжаттар берілген жағдайда ғана 20 күн аралықтағы мерзімде жүргізіледі.

Шығынның себебі мен мөлшері толығымен анықталғаннан кейін ғана орнын т о л т ы р у ө т е м і т ө л е н е д і .

Мұнай операцияларын міндетті сақтандыру жөніндегі сақтандыру өтемі белгіленген сақтандыру сомасы шартының мөлшерінде төленеді.

Залал мөлшерін сақтандырушы зардап шеккен мүліктің нақты құны негізінде скважинаның бақылаудан шығып кеткендігінен қоршаған ортаның ластануын, үшінші тарапқа залал келтіруден болған шығынның мөлшерін растайтын тексеру деректерімен және басқа құжаттармен анықтайды.

20. Сақтандыру өтемі мына жағдайда төленеді:

14-тармаққа сәйкес мүлік толық жойылып кеткен кезде қалғандарының құнын алып тастағандағы оның нақты құны мөлшерінде;

мүлік ішінара бүлінген кезде - шығындарды қалпына келтіру мөлшерінде.  
Сақтандыру жағдайы басталған кезде бүлінген немесе жойылған



мүліктің нақты құны қалпына келтіру шығыстарынан асып кететін болса, онда толық жойылып кету орын алады.

Егер шартқа отыру кезінде мүліктің құны сақтанушының өтінішінде нақты сомадан төмен көрсетілгенін тексеру анықталған жағдайда, онда сақтандыру өтемінің сомасы соған сайма-сай төмендейді.

Қалпына келтіру шығыстарына мыналар кіреді:

жөндеу жұмыстарына арналған материалдар мен босалқы бөлшектер шығыстары;

жөндеу жұмыстарының төлемі жөніндегі шығыстар;

жөндеу орнына жеткізілген материалдар жөніндегі және сақтандырылған нәрселердің сақтандыру жағдайы болар алдындағы қалпына келтіру шығыстары.

Қалпына келтіру шығыстарына мыналар кірмейді:

сақтандыру объектілерін өзгерту немесе жақсартуға байланысты қосымша шығыстар;

уақытша немесе қосымша жөндеу жұмыстарына байланысты немесе қалпына келтірудегі шығыстар;

қажетті шығыстардан тыс өндірілген шығыстар.

Бөліктерді, тораптарды, агрегаттар мен бөлшектерді жөндеу процесі кезіндегі құнының бағасынан тозу құны алынып тасталады.

21. Сақтандыру оқиғасының басталуына орай бақылаудан шыққан скважинаға бақылау жасауды қалпына келтіруге немесе бақылаудан шыққан скважинадағы өртті сөндіруге, болмаса қалпына келтіруге дейінгі сәтте өрттің пайда болуына немесе өрттің сөндіріліп бітуіне кеткен шығыстар, сондай-ақ мұнай-газ құбырларындағы қалпына келтіру мен өртті сөндіруге кеткен шығыстар да төлеуге жатады.

Мұндай шығыстарға мыналар кіреді:

м а т е р и а л д а р д ы ң                    құ н ы ;

егер бұл жабдықтар сақтанушыда болуға тиісті емес жағдайдағы, арнаулы жабдықтарды жалға немесе жалдауға алу жөніндегі шығыстар;

скважинаға бақылау қоюға немесе скважиналардағы өртті сөндіруге мамандандырылған тұлғалар мен фирмалардың орындаған қызметтері мен жұмыстарының құны ;

скважинаға бақылауды қалпына келтіру қажеттігіне байланысты бұрғылау және өзге жұмыстарды орындау жөніндегі шығыстар;

скважинаға бақылауды қалпына келтіруге немесе өртті сөндіруге қажет болған жауапкершіліктің көрсетілген шегінен аспайтын деңгейде жүргізілген басқа да орынды

ш ы ғ ы с т а р ;

скважинаның ішіндегі жабдықты алып шығуға кеткен шығыстар;  
қайталап бұрғылау операциясы жөніндегі шығыстар.

Барлық оқиғаларда өтем беруге тек қана қайталап бұрғылауға кеткен нақты шығыс жатады. Егер сақтанушы қайталап бұрғылауға сақтандыру жағдайы басталған сәттен 540 күн өткенше немесе осы шарт бойынша оның мерзімді уақыты өткенше мұнда бұл күннің ең аз уақыты алынады, кіріспейтін болса, онда сақтандырушы тіпті мұндай шығыстардың осы сақтандыру шартының жағдайына сәйкес өтем төлеуге жататынына қарамастан, қайталап бұрғылауға қатысты шығыс жөніндегі сақтандыру өтемін төлеу м і н д е т і н е н б о с а т ы л а д ы .

22. Сақтанушының үшінші бір адамның алдындағы азаматтық жауапкершілігіне байланысты пайда болған шығыстары былай төленеді:

үшінші бір адамның денсаулығы мен мүлкіне келтірілген зиян үшін;  
үшінші адамның өзіне қарасты жылжымайтын мүліктің пайдалануға мүлдем жарамай қалғаны үшін өтемақы төлеу түрінде;

табиғатты қалпына келтіру шараларын жүргізгені үшін оған жинаудың құнын қоса немесе қоршаған ортаны ластайтын заттарды, ашық теңіздегі мұнай дақтарын ұстап қалу, қоршаған ортаның одан әрі ластануын болдырмау, адамдарды мал мен жылжымалы мүліктерді (сақтанушының өзіне жұмыс істеуші адамды қоспағанда) көшіруін қосып, егер мұндай көшіру білікті мемлекеттік органдардың өкімі бойынша немесе мұның қажеттілігі сақтандыру жағдайынан басталуына себеп болса.

Бірінші жеке немесе заңды тұлғаларға сақтандырылғаннан артық сомаға зиян келтірілген кездегі өтем әр зардап шегушіге (егер төлем талап ету бір уақытта болса) шартта көрсетілген сома шегінің мөлшерінде әр адамға келтірілген зиянның сайма-сай к ө л е м і м е н т ө л е н е д і .

23. Егер сақтандыру оқиғасы мына жағдай салдарынан болса, онда сақтандыру ө т е м і т ө л е н б е й д і :

Каспий теңізі деңгейінің көтерілуі салдарынан су басып кетсе;  
әскери іс-қимылдар мен оларға байланысты әскери сипаттағы шаралар заң актілерінің тәртібінде белгіленгендей солай деп табылса;  
сақтанушының іс-қимылы, сақтандыру оқиғасына себепті заңда белгіленген тәртіппен әдейі істелінген қылмыс немесе әкімшілік құқық бұзушылық деп мойындалса ;

ядролық энергияны кез келген нысанда пайдалану және осылай пайдаланудың с е б е п с а л д а р ы н а н ;

бомбаларды, миналарды, снарядтарды немесе өзге де қаруларды сақтау немесе п а й д а л а н у ;

әскери немесе азаматтық өкіметтің немесе өзге әкімшілік органдардың өкімі бойынша тәркілеу, реквизициялау, тұтқындау, мүліктерді құрту немесе бұлдіру;

сақтанушының немесе оның қарамағындағы жұмыс істеуші тұлғалардың пиғылдары мен қатаң сақтанбаушылығы;

жарылғыш заттарды сақтау немесе пайдалануға байланысты болған тұтаныс немесе жарылыс;

мұнай немесе газ (жоспарлы және басқа) атқылау салдарынан қоршаған ортаның ласталуы, бақылаудан шығып, өздігінен болған атқылау жағдайынан басқа;

үшінші бір адамның денсаулығына келтірілген зиян, егер бұл жағдай ол адамның ақыл-есін жоғалтып, қатты қорқуы, естен тануы түрінде болса, егер бұлар сол адамдардың тікелей дене зақымдануымен байланысты болмаса;

сақтандырылған скважина үстінен бақылау орнату жөніндегі жұмыстарды жүргізу мен оны қалпына келтіруге әрекет ету, егер оны сақтандыру аумағында істейтін өкіметтің инспекция органдарымен қадағалау әкімі бойынша бақылаудан шыққан деп хабарланса, бірақ осы аталмыш сақтандыру шартының жағдайына сәйкес бақылаудан шығып кеткен деп есептелмеген болса;

сақтандырушы заңдарды, Үкімет қаулыларын, Премьер-Министрдің өкімдерін, Қазақстан Республикасы Өнеркәсіпте жұмысты қауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитеттің, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Мемлекеттік өрттен қорғау бас басқармасының, басқа да мемлекеттік қадағалау органдарының бұйрығын, сондай-ақ өндіріс жұмыстарының технологиясын бұзып немесе сақтаудың ережесін орындамаса. Аталған бұйрықтар мен ұйғарымдардың орындалмау фактісі тиесілі мемлекеттік органдардың құжаттары негізінде анықталады.

24. Кез келген жағдайда да мына төмендегідей себептерге байланысты болған жәйттерден болған залалдарға өтем берілмейді:

бос тұрып қалудан, сақтандырылған жабдықтарды уақытша пайдаланудың мүмкін еместігінен және басқа жанама шығындарға;

ұрлыққа байланысты бос тұрып қалудан, мүліктердің жоғалуы немесе өзге де мүкәммалдық шығындарға;

ішкі ақаудан, мотордың жарылысынан немесе өзге ұқсас себеп салдарынан жабдықтың зақымдануына;

жабдықты жобалауда, құрастыруда немесе осындай жабдықтардың дизайнында кеткен қателерге.

25. Сақтандыру өтемі төленген сақтандыру шарты, онда аталған мерзімнің соңына дейін шартта көрсетілген сақтандыру сомасы мен сақтандыру өтемі үшін төленген сома айырмашылығы мөлшерінде күшін сақтайды. Егер сақтандыру өтемі сақтандыру сомасының толық мөлшерінде төленсе, онда шарттың күші тоқтатылады.

26. Сақтанушыға жойылған немесе бүлінген мүлік үшін сақтандыру өтемін төлеген сақтандырушының, сақтанушыға зардап шегуге жауапты адамнан әлгі сома мөлшеріндегі өтемді өндіріп алу талабы жатады.

27. Мұнай операцияларын сақтандыру жөніндегі тараптардың қатынастарынан туындайтын даулар Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген заңдарға сәйкес сот тәртібімен шешіледі.

28. Осы Ережеден туындайтын сақтандырушының сақтандырушыға қоятын талабы Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінде (жалпы бөлім) белгіленгендей мерзімі ескіргенге дейін сақталады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК